

Тасбаев Ш.,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы Даубасова С.Ш.

СОТ САРАПТАМАСЫНА ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДАРДЫ
ДАЙЫНДАУ

Сараптама өндірісі – тергеушінің мұқият дайындалуына жататын күрделі әрекет. Осы кезеңде барлық қажетті материалдар жиналуы қажет. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бұл материалдар ретінде нені түсіну керек екенін анықтамайды. Тергеулік, сот және сараптамалық тәжірибелердің салыстырмалы анализі мұндай материалдар ретінде не қылмыстық істі, не оның бөліктерін, соның ішінде сараптамалық зерттеудің объектілерін және сарапшыға сараптама жүргізу кезінде жағдайларға еркін бейімделуге мүмкіндік беретін дәлелдемелердің көзін түсіну керек [1].

Тергеуші сараптамалық зерттеу үшін объектілерді анықтайды және дайындайды. Қылмыстық іс бойынша бұл: тергеу әрекеттерінің өндірісі кезінде табылған немесе процеске қатысушылардың ұсынған қылмыс іздерін сақтаған материалдық объектілер; мәйіт немесе оның бөлшектері; жануарлар, құстар және өзге де тірі жандар; әр түрдегі құжаттар; сарапшының қорытынды беруге қажетті қылмыстық іс материалдары; адамның дене және психикалық күйі, сонымен қатар жәбірленушіге келтірілген дене жарақатары туралы немесе айыпталушының, сезіктінің, жәбірленушінің және куәнің психикалық немесе физикалық науқастығы туралы мәліметтер; салыстырмалы зерттеулер үшін үлгілер; өндірістік қызметті реттейтін нұсқаулықтардан, нормативтік актілерден және қызметтік құжатнамадан алынған көшірмелер немесе үзінділер болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген алғашқы үш объектілер мазмұны түсінікті деп танимыз, өйткені бұл объектілер қылмыстық әрекеттердің салдарынан пайда болған немесе қылмыстың тікелей объектісі болып табылады. Ал әр түрдегі құжаттар деп – қандай да бір мәліметтерді қамтитын жазбаларды айтамыз. Осыған байланысты құжат материалдарының түсінігін де ажырата білу керек: ол – техникалық криминалистикалық сараптаманы жүргізуде зерттелетін құжаттардың негізі, яғни жазу материалы болып табылады. Сонымен қатар сарапшының қорытынды беруге қажетті қылмыстық іс материалдары деп – сарапшыға танысу үшін ұсынылатын және сараптама жүргізу үшін қажетті фактілік туынды мәліметтерді қамтитын құжаттар мен заттарды айтамыз. Ал салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін материалдар деп – объектінің қасиетін тану үшін басқа объектілермен, мысалы, із, іздің заттық

моделі, олардың орналасқан жері мен өзара орналасуын салыстыру қажет жағдайларда сарапшының пайдаланатын материалдарын айтамыз.

Егер зерттелетін объектілер қылмыс жасау кезінде пайда болса немесе онымен байланысты болса, онда олар заттай дәлелдемелер ретінде танылады. Оған қылмыс қаруы, қылмыс іздерін өзінде сақтаған заттар, қылмыстық әрекеттердің объектілері және тағы да басқа заттар жатады[2].

Егер зерттелетін объектілер тергеушімен арнайы сараптамалық зерттеу жүргізу үшін алынған болса, онда олар үлгілер ретінде танылады. Сараптамалық зерттеу жүргізу үшін үлгілер алудың тәртібі ҚР ҚІЖК – нің 33 тарауында арнайы реттелген.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес егер іс - әрекет үлгілер алынуға тиісті жынысына басқа адамды шешіндірумен байланысты болмаса және ерекше кәсіптік дағдыны талап етпесе, тергеуші жеке өзі, ал қажет болғанда дәрігердің, өзге маманның қатысуымен сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алуға құқылы. Өзге де жағдайларда сараптамалық үлгілерді тергеушінің тергеушінің тапсырмасы бойынша дәрігер немесе маман алуы мүмкін. Яғни сарапшы алдына нақты объектілерді зерттеу үшін беру, алдымен ол объектілерді үлгі ретінде заң талаптарына сәйкес алу қажеттігі туындайды. Жалпы үлгілерді тергеуші оның білімдері оған жеткілікті болса, ол үлгілерді өзі алуы мүмкін, мысалы саусақ іздерін, атылған оқпанды, суық немесе атылғыш қаруды алу, бірақ үлгілерді алу тәсілдері тергеушінің тиісті білімінің шегінен шығатын жағдайлар болуы мүмкін, мысалы қан, ұрық, сілекей үлгілерін алу. Тергеушіге арнайы мамандандырылған арнайы білімдері бар адамдардың көмегі қажет болады. Ондай жағдайда тергеушінің тапсырмасымен нақты үлгілерді тиісті саладағы маман алады. Тергеушінің маманға тапсырма беру құқығы ҚІЖК-нің 257-бабымен реттелген. Сараптамалық зерттеу үшін алу керектігі туралы сараптама тағайындау туралы қорытындының бөлігінде немесе жеке қаулымен рәсімделуі мүмкін. Мысалы, сараптама тағайындау туралы қаулының қорытынды бөлігінде маманның (дәрігердің) арнайы білімін қолдану қажеттілігі көрсетіледі: “Қан үлгілері № 12 қалалық клиникалық аурухананың дәрігі А.А. Саринаға тапсырылсын”.

Сараптамалық зерттеулер үшін үлгілерді алуды субъектілеріне байланысты төрт топқа бөлуге болады: сараптамалық зерттеулер үшін үлгілерді тергеушінің жеке өзінің алуы; сараптамалық зерттеулер үшін үлгілерді тергеушінің дәрігер немесе өзге де маманның қатысуымен алуы; сараптамалық зерттеулер үшін үлгілерді тергеушінің тапсырмасы бойынша дәрігер немесе маманның алуы; сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді сарапшының алуы. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алу сараптамалық зерттеудің бір бөлігі болып табылған жағдайда оны сарапшы алуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген сараптамалық зерттеулер үшін үлгілерді алудың төрт түрінің соңғы үшеуінде тергеуші арнайы кәсіптік бар адамдардың көмегіне жүгіне отырып, қылмыстық іс жүргізуде сараптама тағайындау сатысында тікелей арнайы білімдерді қолданып кетеді.

Сараптамалық зерттеулер үшін үлгілерді тергеушінің тапсырмасы бойынша дәрігер немесе маманның алуында тергеуші сараптамалық зерттеу үшін үлгі алынуға тиісті адамды, сондай-ақ тиісті тапсырмасы бар қаулының дәрігер немесе басқа маманға жібереді. Қаулыда аталған тергеу іс-әрекетінің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттері көрсетілуі тиіс. Дәрігер, басқа маманға апару туралы мәселені қаулы шығарған тергеуші шешеді. Мысалы, қаулының қорытынды бөлігінде:

“2. Үлгілерді алу үшін Алматы қаласы ПББ Жедел-криминалистік басқармасының маман-криминалисті полиция капитаны Е.Қ.Сеитов тартылсын”.

Дәрігер немесе басқа маман тергеушінің тапсырмасы бойынша қажетті іс-әрекеттерді және сараптамалық зерттеулер үшін үлгілер алады. Үлгілер буып түйіледі және мөрмен бекітіледі, осыдан кейін дәрігер немесе маман жазған ресми құжатпен бірге тергеушіге жібереді (ҚІЖК 260-бап).

Сараптама жүргізу үшін салыстырмалық зерттеу үшін үлгілер алу туралы дәлелді қаулы ҚР ҚІЖК-нің 256- бабының 3- тармағына сәйкес тергеушімен шығарылады. Осы баптың 1-тармағында тергеуші көзі тірі адамдардың, мәйіттердің, жануарлардың, бұйымдардың, заттардың қасиеттерін бейнелейтін үлгілерін зерттеудің іс үшін маңызы болғанда оларды алуға құқылы делінген. Бірақ мұнда тергеушінің міндетті қаулысы және салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілерді мәжбүрлі түрде алу туралы айтылмаған. Демек үлгілерді зерттеудің іс үшін маңызды болу – болмауына және соған сәйкес оларды алу-алмауы тергеушінің өз ішкі сенімімен шешіледі, ал бұл көп жағдайларда заңды түрде орындала бермейді.

Сараптамалық зерттеу үшін ұсынылған объектілердің нақтылығы, мүмкіндігі және жариялылығын сараптама тағайындаған органдар немесе тұлға оған кепілдік ету керек және ол үшін жауапты болуы қажет. Осыған байланысты сараптамалық зерттеу үшін объектілер сарапшыға буып – түйілген және мөрмен бекітілген түрде берілуі қажет. Басқа жағдайларда сараптама тағайындаған тұлға сарапшының зерттеу объектілерінің орналасқан жеріне жеткізуді, оларға кедергісіз қол жеткізуді және зерттеу жүргізу үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуге тиіс. Сараптамалық зерттеу объектілерін пайдалану ҚР ҚІЖК-нің 121, 123- баптарында көзделген заттай дәлелдемелерді алудың, іске қоса тігудің, сақтау мен жоюдың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Тергеуші барлық материалдардың жеткіліктігі мен ақиқаттығына кепілдік беруге міндетті бола отырып, келесі мәселелерге жол бермеуі керек:

- іс материалдарындағы объектілерге қатысты екі мағыналы оқу;
- заттай дәлелдерді, жазбаша және басқа да құжаттарды жинағанда, алғанда, бекіткенде процессуалдық қателіктерді жібермеуге;
- дәлелдемелерді қолдану, сақтауға байланысты криминалистикалық түсініктемелерді сақтамау;
- объектілерді қасақана немесе абайсызда ауыстыру.

Әрине сараптама жүргізу үшін материалдарды жіберу бірқатар мән-жайларға байланысты. Тәжірибеде материалдарды тергеуші өзі жеке апарады немесе почта арқылы жіберуі мүмкін[1].

Сараптамаға жіберілетін объектінің көлемі үлкен болған кезде, оны сарапшыға әкелуге мүмкіндік болмайды. Бұл жағдайда тергеуші объектілер сақталған жерге сарапшыны әкелуге, оған еркін кіруді қамтамасыз етуге, сараптамалық зерттеу үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Егер зерттеуді жүргізуде объектілерді оқиға болған жерде сақтау қажеттілігі туындаса, онда тергеуші оны қорғауға және заттай дәлелдемелерді сақтауға шаралар қолдануды ұйымдастырады да, ол туралы оқиға болған жерді қарау хаттамасында және сараптама қаулысында көзделуі керек.

Тергеуші сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны және қажетті материалдарды сот сараптама органдарының басқарушысына жібергеннен кейін сараптаманы қаулыда көрсетілген қызметкер жүргізеді. Егер нақты сарапшы көрсетілмесе, онда сарапшыны сараптама органдарының басшысы таңдап, бұл туралы тергеушіге хабарлайды.

Сот сараптама органының басшысы материалдардың толықтығы мен жеткіліктілігін тексеру үшін сарапшыға тапсырыс береді. Егер материалдар тиісті жағдайда рәсімделмесе және бұл сараптаманы жүргізуге мүмкіндік бермесе немесе тиісті мамандар не құрал – жабдықтар болмаса, ұсынылған материалдары орындаусыз қайтарылады [3].

Тергеуші сараптамалық мекемеге мыналарды жолдауы тиіс: жолдама хат; сараптама тағайындау туралы қаулы; ереже бойынша буып – түйілген зерттеуге жататын құжаттар; салыстырмалы зерттеу үшін материалдар.

Материалдарды қолжазуы мәнерін зерттеу сараптамасына жолдаған жағдайда сарапшыға қолжазуы тексерілетін тұлғаның жеке – басы туралы мәліметтер хабарлаған жөн: оның аты – жөні, туған жылы, жынысы, ұлты, ұлттық тілі, білімі, мамандығы, жұмыс орны, лауазымы.

Тағайындалатын сараптама қосымша немесе қайталама болып табылса, бұл жөнінде сараптама тағайындау туралы қаулыда атап, сараптамалық мекемеге алғашқы сараптама материалдарын ұсыну қажет. Күрделі істер бойынша, сараптамалық зерттеу объектілерінің көп санының болуына байланысты бөлек эпизодтар бойынша сараптама тағайындау туралы бірнеше қаулылар шығарған жөн. Бұл бір мезгілде материалдармен бірнеше сарапшының жұмыс істеуіне және тергеуші тапсырмасын орындауды тездетуге мүмкіндік береді [4].

Сот-тергеу тәжірибесінде табиғи талшық заттарды криминалистік тұрғыдан зерттеу кеңінен қолданылып жүр. Себебі олар күнделікті өмірде кеңінен таралуда және қылмыстық істерді (кісі өлтіру, зорлау, көлік оқиғасы т.б.) ашуда маңызды рөл атқарады. Көрсетілген қылмыстарды ашуда қылмыскердің киімі мен зардап шеккен адамның киімінің, не болмаса көліктің кейбір бөлшектері (қолғап, белбеу, бәтеңке бауы, ілгек, жіп, матаның қиығы) қалады.

Аталған қылмыстарды ашуда криминалистік сараптаманың негізгі мақсаты әрбір жеке бөлшектердің бір затқа жататындығын анықтау. Мысалы, қолғаптың біреуі екіншісінің сыңары, белбеу куртканың, ілгек көйлектікі екендігі т.б.

Көптеген табиғи талшық заттарды қылмыскерлер заттай дәлелдемелерді жасыру мақсатында оларды орауға, буып-түюге пайдаланады, мысалы, қапшық, жіп, маталар және т.б. Бұл жағдайда тергеуші сараптамаға осы оралған заттармен қатар басқа да алынған үлгілерді бірге жібереді. Қылмыскерлер затты әдейі өртегенде сол жерде өртеуге пайдаланылған заттар (мақта, дәке, мата) қалады.

Сол сияқты сезікті адамнан табылған затты, өртеуге пайдаланылған заттармен салыстырып зерттеу арқылы оқиғаның қалай болғаны жөнінде мәлімет алуға болады. Қорыта келгенде талшық және олардан жасалған бұйымдарды криминалистік сараптаудың мақсаты – белгілі бір тәсілдерді қолданып, талшық заттардың болған оқиғамен байланысын білу арқылы сол болған оқиғаның ақиқатын анықтау. Талшық және талшық заттарды сараптау арқылы мына төмендегі мәселелерді шешуге болады: жіптердің, маталардың, жіп бұйымдарының және басқа заттардың тектік, топтық тегін анықтауға; талшық зерттелетін заттың қай жерінде орналасқанын анықтауға; тоқыма талшықтарымен былғанған киім іздері бойынша бір киім мен екінші киімнің байланысын анықтауға; тоқыма талшық іздері мен басқа микроіздер бойынша киім мен кісі өлтіру құралының, не болмаса көлік бөлшектерімен арақатынасын анықтауға болады.

Сот сараптамасы бұл мәселелерден басқа мына жағдайларды де шешеді: талшықтың жалпы ортақ шығу тегін, дайындау тәсілдері мен киімнің немесе тоқыма бұйымдарының зақымдалу жағдайларын және себептерін.

Талшық талдау сараптамасының зерттеу мүмкіншіліктеріне байланысты тергеуші сарапшының алдына мынандай сұрақтар қояды: зерттелетін заттың бетінде өзге заттардың қабатталуы орын алды ма, егер орын алса сезікті немесе жәбірленушінің киімінің талшықтары бір топқа жата ма; -зерттелетін киім талшығы қылмыскердікі ме немесе жәбірленушінікі ме, онда кісі өлтіру және көлік құралдарының іздері бар ма; зерттелетін күлде киімнің және басқа талшық заттардың қалдығы бар ма, егер болса олар талшықтың қай түріне жатады және не үшін пайдаланады; зерттелген киімнің немесе басқа талшық бұйымдарының бөлшектері бұрын бір болған ба.

Бұл сұрақтардан басқа тағы мынандай сұрақтар қоюға болады: талшық зерттелетін заттың қай жерінде орналасқан, оның шығу тегі қандай, қалай жасалған және қалай сақталған; талшықтарды зерттеу сараптамасында тырнақ астында қалған талшықты зерттеуге өте үлкен көңіл бөлінеді. Бұл жағдайда тырнақ астындағы талшықтың сезікті адамның, не жәбірленушінің киімдерінің талшықтарымен сәйкестігін, не бөлектігін анықтайды.

Талшық бөлшектері бойынша сараптама жүргізудің бүгінгі таңдағы даму деңгейіне сәйкес, түрлі киім заттарынан көп мөлшерде табылған талшық бөлшектерімен, талшық түрлерінің әрқайсысы қай киімге тән

екендігін анықтау қиынға соғады. Мұның себептері: біріншіден, киімнің бетінде басқа жақтан жұққан талшықтардың болуы; екіншіден, талшықтардың зерттелетін затқа жұққан уақытының белгісіздігі (оқиға болғаннан бұрын, оқиға кезінде, мүмкін оқиғадан кейін); үшіншіден, киімдер бір-біріне араласқанда олардың талшықтары бір киімнен екінші киімге түгелдей жұқпауында [5].

Талшық заттарына: талшық бұйымдары, техникалық талшықтар (жіптер, маталар, трикотаждар, киіздер және басқалар) жатады, олардың түрлері өте көп. Сондықтан, талшықтар және одан істелген бұйымдар бір үлгімен жіктеледі. Олар: *ғылыми-техникалық, технологиялық және сауда-саттық жіктері*.

Сот сараптамасында табиғи талшық заттарды зерттеуде олардың оқиғаны шешуге көмектесетін өзіндік жіктеуі бар. Мысалы, табиғи талшық заттар әртүрлі кластарға бөлінеді: әрбір талшық, олардың қосындысы, көлемі; жіптің әрбір кесіндісі, олардың қосындысы және көлемі; киімнің түрлері, комплектісі және олардың бөліктері. Бұл кластар әрі қарай түрге және топтарға бөлінеді. Мысалы, бір түсті талшықтар түрдің (қызыл, сары, көк т.б.) 1-ші деңгейін құрайды; түрі бір және бір түсті талшықтар (қызыл түсті мата, көк түсті т.б.), 2-ші деңгейді құрайды; ал –бір түсті, түрі бір, бір технологиямен дайындалған талшықтар 3-ші деңгейді құрайды.

Талшық және талшық бұйымдарының жіктелуін білу тергеушіге заттай дәлелдемелерді қалай алуға және сарапшыға дұрыс сұрақтар қоюға көмектеседі.

Белгілі бір заңдылықты сақтай отырып тергеуші оқиға болған жерден төменде көрсетілген заттай дәлелдемелерді алады: жәбірленуші адамның немесе өліктің киімдерін; сезікті адамның оқиғаға байланысты барлық киімдерін; киімдерді сарапшыға жіберуге дайындағанда жәбірленушінің киімдері сезікті адамның киімдерімен және басқа да заттармен араласпауы керек; әрбір зат (киім) жеке жылтыр қағазға, калькаға, целлофанға немесе полиэтилен пакетіне оралады; заттай дәлелдемелер калькамен, жылтыр қағазбен, целлофанмен не болмаса полиэтилен қабыршағымен жабылған столдың үстінде тексеріледі; заттарды тазалауға, жууға, шайқауға болмайды; жәбірленушінің, сезіктінің немесе өліктің киімдерімен қатар олардың тырнақтарында алып, талшық зерттеу сараптамасына жібереді, әрі қарай ол заттар сот-дәрігерлік, сот-биологиялық сараптамасына жіберіледі; кісі өлтіру құралдары (пышақ, балта т.б.) талшық заттармен араласпауы керек. Олар жеке оралып, бірінші кезеңде талшық-зерттеу сарапшысына жіберіледі; заттың (пышақ, балта, көлік бөлшектері т.б.) бетіндегі талшық түйіршіктері сақталып, олар сарапшыға жіберілуі керек; заттай дәлелдемелерді алу қиын болған жағдайда тергеуші мамандарды шақырады.

Заттай дәлелдемелерді алу және оларды пайдалану барысында әлі де көптеген кемшіліктер орын алуда. Соның ішінде төмендегідей кемшіліктер жиі кездеседі: тергеуші өзінің заттарды сарапшыға жіберу туралы қаулысында жоғарыда көрсетілген қағидаларды сақтамай жалпы сұрақтар қояды; заттай дәлелдемелерді сараптаманың қай түріне (талшық-зерттеу,

трасологиялық, сот-дәрігерлік, сот-биологиялық т.б.) бұрын жіберу кезегі сақталмайды; заттардың арақатынасын анықтауда, зерттелетін заттар бір-бірімен араласып кетпес үшін оларды сарапшыға бөлшектеп буып-түйіп жіберуі тәртібі сақталмайды; көбінде жәбірленуші мен сезікті адамдардың тырнақтары сараптамаға жіберілмейді; кей жағдайларда оқиғаның қалай, әрі қандай жағдайларда болғаны және оқиғаға байланысты қажетті басқа мәліметтер сарапшыға жіберілмейді немесе олар хаттамада көрсетілмейді. Осы аталған мәліметтер толық әрі белгіленген талаптарға сәйкес жіберілсе, сарапшының зерттеуді дұрыс жүргізіп, нәтижелі қорытынды жасауына себебін тигізеді.

Зерттеуге материалдардың саны көп болса және әртүрлі күрделі сұрақтарды шешу қажет болғанда, құжаттар әртүрлі тілдерде жасалса, сараптамаға материалдарды жолдаудан бұрын тікелей криминалистік лабораторияның сарапшыларымен кеңесу тиімді болып табылады. Мұндай кеңесулер тергеушіге материалдарды жинауға, сарапшыға зерттеу бойынша жұмыс істеуге жеңілдік туғызады және осылайша нәтижесінде сараптама өндірісінің мерзімін тездетеді [2].

Сот сараптамасын тағайындау барысында тергеуші мен сарапшы арасында қарым-қатынастар болуы мүмкін және оның негізінде тергеуші мен сарапшының алдында тұрған міндеттерді шешу мүмкіншілігін кеңейтеді. Тергеуші өз уақытында қосымша материалдарды ұсыну қажеттілігін, жаңа дәлелдемелерді жинау қажеттілігін анықтайды және сарапшының қорытындысын бағалауға керекті ақпараттар алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жәкішев Е.Ғ., Исаев Ә.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темірболат Н.С.. Криминалистика: Оқулық - Алматы: Қазақ университет, 2005. - 396 б
2. Бычкова С.Ф., Бычкова Е.С., Қалимова А.С..Сот экспертологиясы: лекциялар курсы- Алматы: Жеті жарғы, 2006.- 368 б.
3. Белкин Р.С. Курс криминалистики. Т 2. Частные криминалистические теории. - М.: Юристъ, 1997. - 464 с Капсәлямов К.Ж Уголовное преследование и способы собирания доказательств: Учеб. пособие.- Астана: ИКФ "Фолиант", 2001.- 109 с.
4. Криминалистика: Учебник для вузов / Под ред. проф. Р.С. Белкина. 2-е изд. - М.: Норма, 2006. - 992 с.
5. Жәкішев Е.Ғ., Исаев Ә.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темірболат Н.С.. Криминалистика: Оқулық - Алматы: Қазақ университет, 2005. - 396 б